

«БЕКІТЕМІН»

Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт министрлігі
Спорт және дене шынықтыру істері
комитетінің төрағасы

Есеналин Р.Б.

2025 ж.



«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
"Қазақстандық спорттық ату
федерациясы" ҚБ

Бас хатшысы
О.Почивалов

2025 ж.



**Нысана көздеуден 2025 жылға арналған
республикалық жарыстар өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1 бөлім. Спорттық жарыстардың атауы, спорттық жарыстың өткізілу орны мен күні, спорттық жарыстарға қатысушылардың келу және қайту күндері

	Іс-шаралар	Өткізу орны	Өткізу мерзімі
1.	Қазақстан Республикасы командалық чемпионаты	Шымкент қ.	01-07.02.2025
2.	2007 ж. т. және одан кіші жасөспірімдер арасындағы Қазақстан Республикасы Жеке-командалық чемпионаты	Алматы обл.	24-30.04.2025
3.	Қазақстан Республикасы чемпионаты	Алматы обл.	12-18.05.2025
4.	Пневматикалық қарудан ату бойынша Қазақстан Республикасы кубогі (жеке-командалық)	Астана қ.	03-09.10.2025
5.	Қазақстан Республикасы кубогі (барлық тәртіп бойынша)	Шымкент қ.	02-08.12.2025

2 бөлім. Қатысушы ұйымдар, жарысқа қатысушылардың сандық құрамы

Жарысқа Қазақстан Республикасы облыстарының, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының құрама командалары, "Қазақстандық спорттық ату федерациясы" ҚБ мүшелері қатыса алады.

Барлық жарыстарға қатысу үшін команда құрамы шектелмейді, 1 өкіл, 5 жаттықтырушы, 1 төреші.

Командалық жаттығуға команда құрамы - 3 спортшы, толық емес командаларға ұпайлар берілмейді.

Міх жаттығуында (аралас жұп) еркек + әйелге рұқсат етіледі. Жалпыкомандалық сынақ жүргізілмейтін жарыстарда әртүрлі өңірлерден жұптар жіберіледі.

МП-8 жаттығуында жаттығудың екінші жартысына жаттығудың бірінші жартысында кемінде 250 ұпай нәтиже көрсеткен атқыштарға рұқсат етіледі (бұл ереже тек электрондық нысаналарға қолданылады).

Командалық есепте бір спортшының атыстың әртүрлі түрлеріне қатысуына жол берілмейді (тапанша, мылтық, қозғалмалы нысана).

Бір жарыста бір спортшы тек бір жас санатында өнер көрсетуге құқылы.

3 бөлім. Медициналық-санитарлық және допингке қарсы қамтамасыз ету

Спорттық жарыстарға медициналық қызмет көрсетуді өткізуші ұйым аумағындағы барлық санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, осы іс-шара өткізілетін өңірлік ұйыммен бірлесіп қамтамасыз етеді.

Барлық спортшылар Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің (бұдан әрі - ДДҚА) нормаларына сәйкес барлық ҚРБ, ҚРК, ҚРЧ-да, сондай-ақ барлық жас санаттары арасында республикалық жарыстарда допинг-бақылауға алынуы мүмкін.

Барлық спортшылар допингке қарсы ДДҚА кодексінің ережелерін сақтауы керек. Спортшылар допингке қарсы кодексті бұзған, спортшылар допинг тест тапсырудан бас тартқан немесе келмеген жағдайда оларға допингке қарсы кодекстің нормаларына сәйкес (спортшы толық шеттетілгенге дейін) санкциялар қолданылатын болады.

4 бөлім. Спорттық жарысқа қатысу үшін өтінімдер берудің тәртібі мен мерзімі, қаржыландыру шарттары

Бағдарламаның әрбір түрінде (жеке, командалық біріншілікте) қатысушылардың сандық құрамын көрсете отырып, жарысқа қатысуға алдын ала өтінімдер жазбаша түрде немесе электрондық пошта арқылы E-mail fspsrk@mail.ru тел / факс 8-7272 944334, Шымкент қаласы, Жібек Жолы көшесі, 43-үй, "Қазақстандық спорттық ату федерациясы" ҚБ мекенжайы бойынша келген күнге дейін 10 күннен кешіктірілмей берілуі тиіс.

Команда өкілдерінің немесе жарысқа қатысушылардың қару тасымалдауға рұқсаты болуы тиіс. Барлық қару жарыс өтетін орын бойынша ҚР ІІМ талаптарына сәйкес келетін қару-жарақ бөлмелерінде сақталатын болады.

Мандаттық комиссияға келген күні жаттығуларға қатысуға белгіленген нысан бойынша атаулы өтінімдер, қауіпсіздік шаралары бойынша нұсқама өткізу туралы баянат, дәрігерден рұқсат және спортта допинг қолданбау туралы нұсқама өткізу туралы баянат беріледі.

Бас жаттықтырушыны және команда бастығын іссапарға жіберу (жол жүру, тұру, тәуліктік, қажет болған жағдайда ПТР тестілеу) бойынша; төрешілерге еңбекақы төлеу бойынша; марапаттау бойынша (дипломдар, грамоталар, медальдар, кубоктер); спорт ғимараттарын ұсыну бойынша қызметтер бойынша шығыстарды ҚР «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК көтереді.

Спортшылардың, жаттықтырушылардың, төрешілердің және шақырылған командалар өкілдерінің жарыстарға (жол жүру, тамақтану, тұру) қатысуы, сондай - ақ қару-жарақпен және оқ-дәрілермен қамтамасыз ету жөніндегі шығыстарды іссапарға жіберуші ұйымдар көтереді.

5-бөлім. Спорттық жарыстың чемпиодары мен жүлдегерлерді марапаттау тәртібі

Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері (Міх ер+әйел аралас жұбы жаттығуларында) тиісті дәрежедегі, ҚР «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК кубоктерімен, дипломдармен және медальдарымен марапатталады.

6 бөлім. Наразылық көрсету тәртібі және оны қарау

Барлық даулы мәселелер, наразылықтар 2018 жылы жарияланған ISSF халықаралық ату Федерациясының қолданыстағы ережелеріне және 2022 жылы қабылданған өзгерістерге сәйкес беріледі және қаралады.